

Шығыс Қазақстан облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 17 ақпандағы № 35 қаулысы.
Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 19 ақпанда № 9135-16 болып тіркелді

"Масс-медиа туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, "Өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың үлгілік әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 6 қарашадағы № 525-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35356 болып тіркелген) сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесі бекітілсін.

2. Шығыс Қазақстан облысының ішкі саясат басқармасы:

1) осы қаулының Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Е.Ж. Нұрғалиевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы әкімі

Н. Сактаганов

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2025 жылғы 17 ақпандағы
№ 35 Қаулысына
қосымша

Шығыс Қазақстан облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесі

1. Шығыс Қазақстан облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін

қызметтердің құнын айқындаудың осы әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Масс-медиа туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді және Шығыс Қазақстан облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау алгоритмін белгілейді.

2. Өңірлік деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын қызметтердің құны (бұдан әрі – көрсетілетін қызмет) осы Әдістеменің қосымшасына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің әрбір жеке түрі үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің базалық бағасына байланысты айқындалады.

3. Мерзімді баспасөз басылымдарында көрсетілетін қызметтің құны мынадай формула бойынша айқындалады:

1) газеттер үшін $P_n = V_n \times V \times K_q$ формуласы бойынша, онда:

P_n (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, газеттердегі көрсетілетін қызмет құны;

V_n – газетте орналастырылатын көрсетілетін қызметтің базалық бағасы бір шаршы сантиметр;

V – газетте орналастырылатын шаршы сантиметрмен есептелетін көрсетілетін қызмет көлемі;

K_q – газет таралымына түзету коэффициенті:

200 000 данаға дейін – 1,3;

100 000 данаға дейін – 1,15;

50 000 данаға дейін – 1;

30 000 данаға дейін – 0,9;

20 000 данаға дейін – 0,8;

10 000 данаға дейін – 0,65;

5 000 данаға дейін – 0,5;

2) журналдар үшін $P_m = V_m \times V \times K_q$ формуласы бойынша, онда:

P_m (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, журналдардағы көрсетілетін қызмет құны;

V_m – журналда орналастырылатын көрсетілетін қызмет үшін базалық баға бір шаршы сантиметр;

V – шаршы сантиметрмен есептелетін журналда орналастырылатын көрсетілетін қызмет көлемі;

K_q – журнал таралымына түзету коэффициенті:

15 000 данаға дейін – 1,2;

10 000 данаға дейін – 1,1;

8 000 данаға дейін – 1;

5 000 данаға дейін – 0,9;

3 000 данаға дейін – 0,8;

1 000 данаға дейін – 0,7.

4. Интернет-ресурстағы көрсетілетін қызметтің құны $P_i = B_i \times V \times K_q$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

P_i (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, интернет-ресурстағы көрсетілетін қызметтің құны;

B_i – интернет-ресурста орналастырылатын көрсетілетін қызметтің бір таңбасының, секундiнiң, минутының, данасының базалық бағасы;

V – интернет-ресурста орналастырылатын көрсетілетін қызметтің таңбалармен, секундтармен, минуттармен, даналармен есептелетін көлемі;

K_q – бірегей пайдаланушылардың интернет-ресурсқа кіруінің орташа айлық санын есепке алуға арналған түзету коэффициенті:

айына 500 000 кірушіге дейін – 1

айына 1 000 000 кірушіге дейін – 1,1;

айына 2 000 000 кірушіге дейін – 1,2;

айына 5 000 000 кірушіге дейін – 1,3;

айына 5 000 000 кірушіден астам болса – 1,4.

5. Телевизияда көрсетілетін қызметтің құны $P_{tv} = B_{tv} \times V$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

P_{tv} (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, теледидардағы көрсетілетін қызметтің құны;

B_{tv} – телевизияда орналастырылатын көрсетілетін қызметтердің бір секундiнiң, минутының, сериясының базалық бағасы;

V – телевизияда орналастырылатын көрсетілетін қызметтің секундтармен, минуттармен, сериялармен есептелетін көлемі.

Егер мемлекеттік ақпараттық тапсырысты қалыптастыру кезінде телевизияда көрсетілетін қызметтердің жанрлар бойынша бөлінулері ескерілмеген жағдайда, телевизиядағы көрсетілетін қызметтердің құны базалық баға (B_{tv}) бойынша есептеледі.

6. Радиоарнадағы көрсетілетін қызметтің құны $P_r = B_r \times V$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

P_r (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, радиоарнадағы көрсетілетін қызметтің құны;

B_r – радиоарнада орналастырылатын көрсетілетін қызметтердің бір секундiнiң, минутының базалық бағасы;

V – радиоарнада орналастырылатын көрсетілетін қызметтің секундтармен, минуттармен есептелетін көлемі.

құралдарында мемлекеттік ақпараттық
саясатты жүргізу үшін сатып алынатын

көрсетілетін қызметтердің құнын
айқындау әдістемесіне қосымша

**Шығыс Қазақстан облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік
ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің базалық
бағалары**

№	Қызметтер атауы	Өлшем бірлігі	2025 жыл (теңге)	2026 жыл (теңге)	2027 және кейінгі жылдар (теңге)
1.	Қазақстан Республикасы аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарынд а (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	ш а р ш ы сантиметр	1200	1200	1200
2.	Ш ы ғы с Қазақстан облысы аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарынд а (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	ш а р ш ы сантиметр	256	256	256
3.	Ш ы ғы с Қазақстан облысының қалалары мен аудандары аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарынд а (газет)	ш а р ш ы сантиметр	160		160

	көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)			160	
4.	Шығыс Қазақстан облысы аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (журнал) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bm)	ш а р ш ы сантиметр	400	450	500
5.	Шығыс Қазақстан облысының қалалары мен аудандары аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (журнал) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bm)	ш а р ш ы сантиметр	160	180	200
6.	Республикалық маңызы бар мәселелерді жария ететін интернет-ресурста көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bi)	таңба	113	113	113
	Өңірлік маңызы бар мәселелерді				

7.	жария ететін интернет-ресурста көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bі)	таңба	26	26	26
8.	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын, теле-, радиоарналардың міндетті тізбесіне енгізілген телевизияда көрсетілетін қызмет (сюжеттер, ақпараттық-талдамалық бағдарламаларды өндіру және орналастыру) (Btv)	минут	590 000	590 000	590 000
9.	Міндетті теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Шығыс Қазақстан облысының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет (сюжеттерді, ақпараттық-талд	минут	70 000		70 000

	амалық бағдарламаларды өндіру және орналастыру) (Btv)			70 000	
10.	Міндетті теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Шығыс Қазақстан облысының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет (телевизиялық, білім беру, танымдық бағдарламаларды, деректі фильмдерді, ток-шоу өндіру және орналастыру) (Btv)	минут	20 000	20 000	20 000
11.	Міндетті теле- радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Шығыс Қазақстан облысының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы	секунд	160		160

	тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет (бейнероликтер өндіру және орналастыру) (Btv)			160	
12.	Міндетті теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Шығыс Қазақстан облысының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет (сурдоаударманы өндіру және орналастыру) (Btv)	секунд	25	25	25
13.	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын радиоарнада көрсетілетін қызмет (ақпараттық бағдарламаларды дайындау)	минут	16 520		16 520

	ж ә н е орналастыру) (Br)			16 520	
14.	Міндетті теле-, радиоарналарды ң тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Алтай ауданы аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле- , радиоарналарды ң тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет (Br) ақпараттық материалдарды өндіру және орналастыру) (Btv)	минут	30 000	30 000	30 000
15.	Міндетті теле-радиоарнал ардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Риддер қаласы аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле- , радиоарналарды ң тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет (Br) ақпараттық материалдарды	минут	39 000		39 000

	өндіру және орналастыру) (Btv)			39 000	
16.	Ш ы ғ ы с Қазақстан облысының аумағында таратылатын радиоарнада көрсетілетін қызмет (ақпараттық бағдарламаларды дайындау және орналастыру) (Br)	минут	7500	7500	7500
17.	Ш ы ғ ы с Қазақстан облысының аумағында таратылатын радиоарналарда көрсетілетін қызмет (аудиороликтерді дайындау және орналастыру) (Br)	секунд	125	125	125